

**"Жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе көлігімен тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 540 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 204 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 14 сәуірде № 13592 болып тіркелді

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе көлігімен тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 540 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12115 болып тіркелген, 2015 жылғы 11 қарашада «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе көлігімен тасымалдау қағидаларында:  
29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Тасымалдануы үшін тиісті белгілі бір қызмет көрсету класының 50 пайызы төленген әрбір кәмелеттік жасқа толмаған жолаушыға жасына қарамастан жеке орын беріледі және стандартты тарифті төлеген жолаушылар үшін белгіленген норма бойынша багажды тегін тасымалдауға рұқсат етіледі.

Егер бұл жағдайларда тегін тасымалдау нормасынан асатын мөлшердегі багаж тасымалданатын болса, онда оған тиісті тариф бойынша ақы төленеді.

Мүгедектер мен мүмкіндігі шектелген тұрғындардың тобына жататын жолаушылар өзімен қосымша жолжүгі ретінде жеке пайдалануына арналған зембілдер мен мүгедектік арбаларды тегін алып жүре алады.».

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына

ж і б е р у д і ;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Инвестициялар және даму министрі Қазақстан Республикасының  
Ә. Исекешев

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және әлеуметтік  
даму министрінің міндетін атқарушы  
Б. Нұрымбетов

2016 жылғы 24 ақпан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрі  
Е. Ыдырысов

2016 жылғы « \_\_\_ » \_\_\_\_\_

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қауіпсіздік  
комитетінің төрағасы  
В. Жұмақанов

2016 жылғы 8 сәуір

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
Е. Досаев

2016 жылғы « \_\_\_ » \_\_\_\_\_

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының

*І ш к і і с т е р м и н и с т р і*

*Қ. Қ а с ы м о в*

*2016 жылғы 10 наурыз*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК